

№1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

Өткізген күні: 28 тамыз 2025 жыл

Қатысқан: 11 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Усманова А.Ж.

Хатшы: Машекенова Ә.Ш.

Күн тәртібінде:

1. Балабақша меңгерушісі А.Ж. Усманованың алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау. Үлгілік оқу баяндамасындағы өзгерістерді талқылау, нормативтік құжаттармен, МДҰ даму жоспарымен, 2025-2026 оқу жылына арналған МДҰ арналған ӘНХ таныстыру.

Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж.

2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекіту. Кадрларды топтар бойынша бөлу. Балабақшаның балалар тізімін бекіту. Ата-аналар жиналыстарының тақырыбын бекіту. 1 қыркүйек «Білім күніне» дайындық барысы.

Әдіскер Машекенова Ә.Ш.

5. Әртүрлі мәселелер

Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж.

1. Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж. сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, ұжымға шығармашылық шабыт, сәттілік тіледі. Күн тәртібімен таныстырды. Алғашқы педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті.

Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж. жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Бөбекжайдың жылдық тақырыбы мен мақсат-міндеттерін айтты. Балабақша миссиясы - білім беру мен шығармашылықты үйлестіре отырып, жаңа идеяларға ашық, сыни ойлай алатын, белсенді әрі жан-жақты дамыған тұлғаларды тәрбиелеу

Үлгілік оқу бағдарламасындағы өзгерістер туралы айтты. Нормативтік құжаттармен, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен, МДҰ даму жоспарымен, 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымдарға арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстыртырды. Перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың жеке даму карталары мен мониторингтің жазылу үлгілерін көрсетті.

ЖШС «Х.Капанов атындағы ОХГ» балабақшасы

**Тақырыбы: «Балабақша мен мектептегі баланың алғашқы күндері»
тақырыбындағы ата-аналар жиналысының хаттамасы**

МАД сыныптары және 1 сыныптар

Күні: 11.09.2025ж

Қатысқандар: топтардың ата-аналар комитеттері, сынып ата-аналары, Бас директор Қ.Х.Капанов, директор А.Ж.Усманова, әдіскер Ә.Ш.Машекенова, медбике Г.М.Нуримова, есепші Г.К.Нургалиева, кітапханашы А.Ч.Калауова және тәрбиешілер.

ХАТТАМА №1

Күн тәртібінде:

1. «Балабақшадағы оқыту мен тәрбие процесі »
кіріспе сөз мектеп директоры А.Ж.Усманова
2. Медициналық құжаттар мен тексерістер, қауіпсіздік ережесі жөнінде
мағлұмат.
Медбике Г.М.Нуримова
3. Balabaqsha.smartnation.kz порталының ваучерлік жүйесі жөнінде ақпарат
әдіскер Ә.Ш.Машекенова
4. «Балабақша келісім-шарттары мен төлемақылары жөнінде мәлімет
есепші Г.К.Нургалиева
5. Қорытынды сөз. Бас директор Қ.Х.Капанов .

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, жаңа оқу жылындағы педагогтардың құрамымен ақпараттандырды. Мектептің ішкі тәртібі, ата-аналарға мектеп өмірі мен оқушы ережелері және кабинеттері мен жабдықтары жөнінде кірімпе сөз сөйледі.

Мектеп медбикесі балалардың денсаулығын сақтау жөнінде ақпараттар мен баланың медициналық құжаттары туралы мағлұмат берді

Әдіскер Ә.Ш.Машекенова Balabaqsha.smartnation.kz порталының ваучерлік жүйесі жөнінде ақпарат беріп ата-аналарға ваучерлік кезекке тұру, әр ай соңында қол қойылу қажеттігі, себепсіз балабақшадан қалса ваучерден шығарылуы т.б.жөнінде ақпарат берді.

Сонымен қатар есепші әр айдың басында келісім шарт бойынша уақытылы төлем жасауды ескертті, кітапханашы кітап қоры жөнінде мағлұматтар беріп, Бас директор Қ.Х.Капанов ата-аналар сауалдарына жауап берді.

ШЕШІМІ:

1. 2025-2026 жылдарға арналған топтардың ата-аналар комитеттерін сайлау.
2. Бірлескен іс-шаралар арқылы отбасы мен мектептің өзара байланысы мен ынтымақтастығын жүзеге асыру.
3. Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.
4. Мектептің медицина қызметкері Г.М.Нуримова екепелерді жоспарлы тексеру мен аурушандықтың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізсін.
5. Ата-аналарға келісім-шартқа сәйкес оқу мен тамақтану ақысын уақытылы төлеу.
6. Ата-аналарға қауіпсіздік ережелерімен танысу және қадағалау. Тәрбиешілер
7. Ата-аналарға уақытылы Balabaqsha.smartnation.kz порталының есебін жүргізіп, қатысу табельдерін қадағалап, қол қойып отыру.